



Барлық ескертулер мен бланк қағаздарын виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан,  
сонымен қатар „визалық орталықтардан“ тегін алуға болады.

## Тілдік курс өтуге арналған виза туралы ақпарат

«Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпаратқа» назар аударыңыз.

Егер Сіз Германияда оқуға түсуге дайындық үшін тіл курсына оқығыңыз келсе, „Оқуға“ арналған ақпараттық парақты көмекке алыңыз.

### Визаға өтініш беру үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:

Өзге тілдегі құжаттар неміс тіліндегі нотариалдық түрде куәландырылған аудармамен бірге тапсырылуы тиіс.

- 2 дана толық неміс тілінде толтырылған және қол қойылған ұлттық визаны рәсімдеуге арналған сауалнама
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 53-бабымен бірге тіркестегі 54-бабы 2-абзац 8-тармағына сәйкес қол қойылған түсініктеме
- Соңғы 6 айдың ішінде түсірілген 3,5 x 4,5 см. өлшемдегі **3 биометриялық фотосурет** (өтініш: екі суретті 2 дана сауалнамаға жапсырып, біреуін бос әкеліңіз) ([Суреттің үлгісі](#))
- Жарамды, **өтініш берушінің қолтаңбасы бар шетелдік төлқұжат** және оның жеке деректері орналасқан бетінен 2 көшірмесі. Визаны рәсімдеу кезінде төлқұжат кемінде әрі қарай 3 айға жарамды және кем дегенде 2 бос беті болуы тиіс.
- Бастапқы білімі туралы құжаттардың түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі:
  - соңғы алған білім туралы құжат (мысалы, мектеп бітіру туралы куәлік, сертификат НЕМЕСЕ диплом) және оның қосымшасы
  - алдыңғы жұмыс орнынан немесе ағымдағы жұмыс орнынан алынған анықтама
- Тіл мектебінен келесі ақпараты бар шақыру 2 данада
  - Курстың орналасуы
  - Мерзімі
  - аптасына үйретілетін сағаттар саны (кем дегенде аптасына 18 сағат)
  - бүкіл мерзімге төленген курстың ақысын растауы
- 2 дана өзіңіз құрастырған және жеке қолтаңбалы уәждемелік хат. Хатта курстан кейінгі Сіздің кәсіби болашағыңыз туралы ақпарат болуы тиіс.
- Бар болса: бұрын неміс тілін меңгергеніңіз туралы растау түпнұсқа мен 2 дана көшірмесімен
- Егер курсқа қатысу үшін оқу немесе қызмет үзілетін болса: университеттің немесе жұмыс берушінің оқудан немесе жұмыстан уақытша босатылғаны туралы анықтамасының түпнұсқасы + екі дана көшірмесі
- Жоспарланған мерзімге айына **947 еуро** мөлшерінде ақшалай қаражаттың болуын растайтын құжаттар

**Қаржыландыруды келесі құжаттар арқылы растауға болады:**

- 1) Шәкіртақы алу туралы растау (Stipendienzusage, Stipendienurkunde) түпнұсқа мен 2 дана көшірмесі арқылы; егер шәкіртақы **947 еуроға** жетпесе, айырмашылығы келесі қаржыландыру көздерінен расталуы мүмкін:
  - 2) „Тұрақты тұру туралы“ заңының 66-68 баптарына сәйкес міндеттемелерді қабылдау туралы өтініштің (Verpflichtungserklärung) түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі (визаны рәсімдеу үшін өтініш берген күніне дейінгі соңғы 6 айдың ішінде берілген); Бұл құжатта тұрақты тұру мақсаты «Тілдік курс» деп және шақыратын тұлғаның төлем қабілеті туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.
  - 3) толық тұрақты тұру мерзіміне жеткілікті **947 еуро** мөлшерінде айлық лимиті бар неміс банктерінің бірінде шектелген есеп шоттың ашылғаны туралы растау. 2 дана.
- Шектелген шотты, негізінен, Германия аумағында банктік операцияларды жүргізуге рұқсат етілген кез келген қаржы институтында ашуға болады. Халықаралық нарықта осындай қызметтерді ұсынатын банктердің тізімін Германия Сыртқы істер министрлігінің веб-сайтынан табуға болады.
- 4) жеткілікті сомасы көрсетілген **қазақстандық банктік шотынан** үзіндінің түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі.  
Өтінішті қарастыру барысында шектелген есеп шотты ашу қажет болуы мүмкін.

Егер қаражаттың болуы ата-аналардың банктік шоттарының үзінді көшірмелерімен расталса, онда келесі құжаттар да расталуы тиіс:

- ата-аналарымен туыстығын растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі (апостиль қойылған қазақстандық туу туралы куәліктер)
- шот иесінің жеке куәлігінің немесе төлқұжатының 2 дана көшірмесі
- шот иесінің атынан қаржы міндеттемелерін қабылдау туралы нотариус арқылы куәландырылған мәлімдеменің түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі
- шот иесінің соңғы 3 айдың жалақысы туралы анықтамасы 2 данадан.

#### **Кәмелетке толмаған өтініш берушілер келесі қосымша құжаттарды көрсетеді:**

- «Тұрақты тұру туралы» заңының 53-бабымен бірге тіркестегі 54-бабы 2-абзац 8-тармағына сәйкес ұлттық визаны рәсімдеу туралы өтініштер мен түсініктемелерге ата-ананың / заңды қамқоршының қолдары қойылады.
- Туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі. Қазақстандық туу туралы куәліктерге апостиль қойылу тиіс.
- Баланың Германияға оқуға шығуы туралы ата-анасының немесе заңды қамқоршысының (өкілдерінің) нотариалды куәландырылған келісімінің түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі.
- ата-анасының немесе заңды қамқоршысының төл құжатының 2 дана көшірмесі
- Кейбір жағдайларда, виза беру процесі барысында дипломатиялық өкілдік Германияда тұрып жатқан тұлғаға кәмелетке толмаған баланы уақытша қамқорлығына алу құқығын беру туралы ата-анасының өтінішін сұрауы мүмкін.

**Кейбір жағдайларда дипломатиялық өкілдіктер қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін.**

Визаны ашу туралы өтінішіңізді мақұлдағаннан кейін, бұрын көрсетілмеген жағдайда, медициналық сақтандыру полисін көрсету қажет.

**Өтінішті барлық қажетті құжаттармен бірге тапсыру керек екендігін ескеріңіз! Құжаттарыңыз толық болмаса, өтінішіңіз қабылданбауы мүмкін.**